Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» Адалдық, достық туралы ертегілермен танысу **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** «Денсаулық – басты байлық» **Дидактикалық ойын:** «Пайдалы – зиянды» **Мазмұны:**	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Театр қойылымдары.** **Міндеті:** ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Адалдық, достық туралы ертегілерді мазмұндау, сахналау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Сөздік ойын:** «Болады – болмайды» (Доппен ойын) **Міндеті:** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық!» **Әңгімелесу**: "Көктем шуағы" Балалармен сұрақ-жауап түріндегі шағын сұхбат. **Міндеті:** Көктемнің басты белгілерін атап, сөздік қорды байыту, ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту **Түйін:** Көктем — тіршіліктің ояну. Халқымыз бұл мезгілді «Жыл басы» деп ерекше қадірлеген. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Әңгімелесу:** Айтыс сөздерін жаттау **Міндеті:** шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Қауіпсіздік агенттері» **Міндеті:** Қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде қолдануды үйрету. **Құралдар:** Үлкен постер немесе карталарда түрлі тапсырмалар. **Өткізу тәсілі:** 1.Балаларға қауіпсіздік	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Мақал-мәтелге мнемокесте жаса» **Міндеті:** логикадық ойлау қабілеттерін дамыту, шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қозғалыс ойын:** Қауіпсіздік жолдары» **Міндеті:** Балаларды физикалық белсенділікпен қатар қауіпсіздік ережелерін еске түсіруге үйрету. **Өткізу тәсілі:**

	– Тазалық, гигиена, дұрыс әрекеттер – Қауіпсіздік ережесін қайталау **Дамытылатын дағды:** өзін-өзі күту, сөйлеу	түсінуге және ажырата білуге үйрету	**Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын:** «Қауіпті – қауіпсіз» **Міндеті:** Балалардың ойлау, талдау қабілетін дамыту, қауіпсіздік ережелерін меңгерту.	агенттері рөлін бересіз. 2.Сіз әртүрлі сценарийлерді айтып, олардан дұрыс әрекетті таңдауды сұрайсыз. Мысалы: «Бөлмеде электр штепсельді көрдің, не істейсің?» 3.Дұрыс шешімді таңдаған балаға агенттік медаль немесе белгі беріледі..	1.Алаңға қауіпсіздік станциялары жасалады: «Өрт», «Су», «Жол», «Электр». 2.Балалар әр станцияда қауіпсіздік тапсырмасын орындайды.
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотоларды жіберуін сұрау.	Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру	Ата-аналарға кеңес: таза ауаның пайдасы жайлы	Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру	Ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.

Дидактикалық ойындар:

1 апта

«Заттар – өздері туралы не айтады?»
Міндеті: Балаларды заттардың түсін, нұсқасын, көлемін, қасиетін, атауын ажыратуға үйрету.
Барысы: Балалар заттарды бақылап, олардың тұтастығы мен бөліктерін, ерекшеліктерін сипаттап айтып береді.

«Сөзді өзгерт»
Міндеті: Әріптерді ауыстыру немесе алып тастау арқылы сөздерді өзгертуге үйрету.
Ойынның мазмұны:Тәрбиеші балаларға кез келген сөзді айтады мысалы: баға сөзінен (б)әріпін алып тастасақ қандай сөз шығады-аға сөзі шығады, дала-қала т.б.

«Заттар әлеміне саяхат»
Міндеті: Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыруға үйрету.

Барысы: Балалар заттарды түсі, пішіні, өлшемі, материалы және қолданылуы бойынша салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады.

«Зейінді бол»
Міндеті: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты,
төртбұрышты, шеңберді көрсете білуге дамыту.
Ойын шарты: ойынға топтағы барлық оқушылар қатыса алады
Ойын барысы: тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы суретті нұсқап, балаларға сұрақ қояды. Суреттен қандай таныс пішіндерді көріп тұрсыңдар? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.

«Көршілер»
Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.
Кажетті құрал: Дабыл.
Ойынның шарты: Бала оң жағында кіммен көрші отырғанын, айтады. Бала көршілерін атап болған соң, тәрбиеші дабылды қағады. Сол кезде балалар бөлмеде еркін ойнайды. Дабылды қайта қаққанда өздерінің көршілерімен отыра қалулары керек. Кімде-кім қателессе, сол жеңілген болып есептеледі.

Заттарды орналастыр (Заттар әлеміне саяхат)
Міндеті: Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыруға үйрету (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы).
Ойын барысы: Балаларға түрлі заттар беріледі. Олар бұл заттарды белгілі бір қасиеттеріне қарай (мысалы, тек ағаштан жасалған немесе тек қызыл түсті) топтастырып, тиісті орындарына орналастыруы керек.

Жиын
Міндеті: «Бір» сөзінің мағынасы тек бір затты ғана емес, сонымен қатар жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.
Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға бірнеше заттар тобын (жиындарды) көрсетеді. Балалар сол топтың ішінен жекелеген элементтерді немесе бүтін бір топты «бір жиын» деп атап, олардың ерекшеліктерін ажыратады.

2 апта

«Сөз қос»
Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру
Ойынның құрал-жабдықтары: Шар,алма ойыншықтар.
Ойынның мазмұны: балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады.Тәрбиеші сөз айтады,балалар сөзге сөз қосып,сөйлем құрайды.

«Бағдаршам»
Міндеті: балаларды жол ережесімен таныстыру, түр – түсті ажырата білуге үйрету, ойлауын, есте сақтауын дамыту. Ойынның шарты: ойынға үш бала қатыса алады. Бұл үш бала бағдаршамның көздері және бір жүргізушы болады. Балаларға бағдаршам туралы кіріспе әңгіме өткізіледі. Тәрбиеші бормен жол және өтетін бұрылыс сызады.
Ойынның барысы: Балалар сапқа тұрып, ойын жүргізуші жасыл дөңгелекті көтерсе, бұрылыстан өте береді. Қызыл дөңгелекті көтергенде «бағдаршам» тақпағын хормен айтады:
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйрем баспа алға!
Сары дөңгелекті көтергенде:
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға! - деп бәрі қосылып айтады.
Жасыл дөңгелек көрсетілгенде:
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба! - деп жолдан өтулері керек.
Кімде-кім үлгірмей қалса, тоқтап тұрып қалады.
- Сен қайда болдың? - деп кешіккен баладан сұрайды.
- Бағдаршам бөгеді, - деп жауап береді ол.

Ойын үш баламен ойналады.

«Телеграф»
Міндеті: Балалардың сөздік қорын молайту, буынға бөлуге үйрету, есту қабілетін жетілдіру.
Ойынның шарты: былай түсіндіреді: Біз қазір телеграф ойынын ойнаймыз. Менің айтқан сөздерімді басқа қалаға жеткізесіңдер. Ол үшін сендер бір қатарға тұрасыңадар. Бірінші тұрған бала Алматы, ең соңында тұрған бала Қарағанды каласы болады. Мен бірінші баланың құлағына сыбырлап бір сөз айтамын. Ал ол мен айтқан сөзді келесі балаға сыбырлайды? Сөйтіп, әр бала бұл сөзді келесі балаға жеткізіп отырады.
Ойында екі буынды сөздерді пайдалануға болады.
Мұғалім Қарағанды қаласы болып тағайындалған баладан қандай сөз естідің? - деп сұрайды. Егер сөз дұрыс жеткізілсе, бала дұрыс жауап береді. Қате айтылса, телеграф қай баланың тұсында келгенде бұзылғанын тез анықтауға болады. Ол үшін оңнан солға қарай сұраса, қаи бала қателескенін тауып, ойынды жаңадан бастауға болады.
Мұндай ойын түрлері балабақшасына арналған методикалық құралдарда көптеп кездеседі. Төрбиеші творчестволықпен ізденіп, өз тобына лайықтыларын іріктеп алып, ойынды тартымды, қызықты етіп өткізе білгені жөн.
Сөйлеу мәдениетін жетілдіре беру үшін тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ және өлең шумақтарын кеңінен пайдаланудың маңызы зор. Тәрбиеші өз жоспарында бұларды өтілетін дыбысқа қажетті құралдар ретінде нақты көрсетуге тиіс. Мысалы, «қ - г» дыбыстарына байланысты жаттығулар өткізу үшін, «Қарға» өленін және жаңылтпаш пен жеңіл өлең үзінділерін пайдалануға болады.

Өрнектер (Құрылыс материалдарынан құрастыру)
Міндеті: Ауызша сипаттау бойынша немесе өз бетінше ойдан құрастыруға, шығармашылықпен өрнектер жасауға баулу.
Ойын барысы: Балаларға конструктор бөлшектері немесе геометриялық пішіндер беріледі. Олар берілген үлгі бойынша немесе өз қиялдарымен әдемі өрнектер мен құрылыстар құрастырады.

«Екінші қолымда қанша?»
Міндеті: балалардың ойлау қабілетін, байқампаздығын дамыту, «оң жақ», «сол жақ» деген ұғымдарды бекіту.
Ойын шарты: балалар сұраққа толық ойланып жауап беру керек.
Ойынның барысы: Бір оқушы тақтаға шығып:
Екі қолымда барлығы 5 түйме бар, сол жақ қолымда 3 түйме, - деп қолын ашып, балаларға көрсетеді, - ал оң жақ қолымда қанша түйме бар? - дейді.
Мұғалім кішкене қапшыққа бірнеше ойыншық салып, бір баланы тақтаға шығарады, бала көзін жұмып тұрып, қапшықтың
ішінен бір ойыншықты алып, оның неден жасалғанын, қандай затекенін айтып беруі керек. Егер айта алмаса, орнына отырғызып, басқа бір баланы шақырады.

Қай жерде не бар? (Кеңістікті бағдарлау)
Міндеті: Үй-жайларда, балабақша ауласында және жақын маңдағы аймақта еркін бағдарлай білуді үйрету.
Ойын барысы: Тәрбиеші белгілі бір заттың орнын сұрайды (мысалы: «Ойыншықтар қай сөреде тұр?» немесе «Терезе қай жақта?»). Балалар заттың орналасқан жерін дұрыс атап, бағдар көрсетеді.

«Бұл қалай өзгерген?»
Міндеті: Дауысты /дауыссыз/ а - ө, о - ә дыбыстарын салыстыру арқылы жуан, жіңішке дауыстылардың айтылуы мен жазылуына мән беру, сөзішіндегі дыбыстардың дұрыс жазылуын, егер сөз ішінде бір дыбысты өзгертіп жазсақ, сөздің мағынасының өзгеретінін үйрету.

Бұл ойын төмендегідей бірнеше сөздер тобын салыстыру арқылы жүргізіледі.

дос - тос біл - піл сан - сән
дара - тара таба - тапа нан - нән
дана - тана тыс - тіс ар - әр
ата - ана тор - төр құн - күн

Тәрбиеші бұл сөздер тобын таблица түрінде тақтаға іліп қойып, айтып тұрады. Қай дыбыстың өзгеріп, қандай сөз пайда болғанын, қай бала көп әрі дұрыс тапса, сол бала ойын үздігі болып табылады.

Қай жерде не бар? (Кеңістікті бағдарлау)
Міндеті: Үй-жайларда, балабақша ауласында және жақын маңдағы аймақта еркін бағдарлай білуді үйрету.
Ойын барысы: Тәрбиеші белгілі бір заттың орнын сұрайды (мысалы: «Ойыншықтар қай сөреде тұр?» немесе «Терезе қай жақта?»). Балалар заттың орналасқан жерін дұрыс атап, бағдар көрсетеді.

Апта күндері
Міндеті: Апта күндерінің реттілігін және атауларын есте сақтау.
Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрып, допты бір-біріне бере отырып, апта күндерін ретімен атайды. Тәрбиеші «Бүгін қай күн?», «Ертең қай күн болады?» деген сұрақтар арқылы ойынды күрделендіреді.

Санайық (Математика негіздері)
Міндеті: Заттарды тура және кері санау, олардың санын анықтау дағдыларын бекіту.
Ойын барысы: Үстел үстіне қойылған ойыншықтарды немесе суреттегі заттарды балалар кезекпен санайды. Санау барысында сандардың реттілігін дұрыс сақтау қадағаланады.

3 апта
«Көршілер»
Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.
Кажетті құрал: Дабыл.
Ойынның шарты: Бала оң жағында кіммен көрші отырғанын, айтады. Бала көршілерін атап болған соң, тәрбиеші дабылды қағады. Сол кезде балалар бөлмеде еркін ойнайды. Дабылды қайта қаққанда өздерінің көршілерімен отыра қалулары керек. Кімде-кім қателессе, сол жеңілген болып есептеледі.

Жұмбақты шеш
Міндеті: Балалардың қисынды ойлау қабілетін дамыту, белгілеріне қарай затты таба білуге үйрету.
Ойын барысы: Тәрбиеші жануарлар, құстар немесе табиғат құбылыстары туралы жұмбақ жасырады (мысалы: «Түгі қара мақпалдай...»). Балалар жұмбақтың шешуін тауып, жауабын айтады.

Сипаттама бойынша таны
Міндеті: Заттарды түсі, пішіні және қасиеттері бойынша ажырату, бақылаушылықты дамыту.
Ойын барысы: Тәрбиеші бір затты көрсепей, оның сыртқы сипаттамасын айтады (мысалы: «Ол дөңгелек, түсі қызыл, тәтті»). Балалар бұл қандай зат екенін табуы керек.

«Зейінді бол»
Міндеті: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты,
төртбұрышты, шеңберді көрсете білуге дамыту.
Ойын шарты: ойынға топтағы барлық оқушылар қатыса алады

Ойын барысы: тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы суретті нұсқап, балаларға сұрақ қояды. Суреттен қандай таныс пішіндерді көріп тұрсыңдар? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.

Жыл мезгілдері
Міндеті: Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін, табиғаттағы өзгерістерді түсіндіру.
Ойын барысы: Суреттер арқылы немесе сұрақ-жауап түрінде жүргізіледі. Балалар көктем, жаз, күз, қыс мезгілдеріне тән белгілерді атайды (мысалы, мамыр айындағы құстардың келуі, гүлдердің шығуы).

Апта күндері
Міндеті: Апта күндерінің реттілігін және атауларын есте сақтау.
Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрып, допты бір-біріне бере отырып, апта күндерін ретімен атайды. Тәрбиеші «Бүгін қай күн?», «Ертең қай күн болады?» деген сұрақтар арқылы ойынды күрделендіреді.

«Заттар – өздері туралы не айтады?»
Міндеті: Балаларды заттардың түсін, нұсқасын, көлемін, қасиетін, атауын ажыратуға үйрету.
Барысы: Балалар заттарды бақылап, олардың тұтастығы мен бөліктерін, ерекшеліктерін сипаттап айтып береді.

Салыстыр
Міндеті: Заттардың ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші белгілерін ажыратуға үйрету.
Ойын барысы: Балаларға екі немесе одан да көп заттар беріледі (мысалы, екі түрлі таспа немесе екі түрлі доп). Балалар оларды өзара салыстырып, қайсысы ұзын немесе үлкен екенін айтады.

Заттарды орналастыр (Заттар әлеміне саяхат)
Міндеті: Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыруға үйрету (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы).
Ойын барысы: Балаларға түрлі заттар беріледі. Олар бұл заттарды белгілі бір қасиеттеріне қарай (мысалы, тек ағаштан жасалған немесе тек қызыл түсті) топтастырып, тиісті орындарына орналастыруы керек.

4 апта

Сөз қос (Сөзді өзгерт)
Міндеті: Сөздің мағынасы болатынын түсіндіру және сөздік қорды байыту.
Ойын барысы: Тәрбиеші бір сөз айтады, балалар сол сөзге ұйқас немесе мағынасы жақын сөз қосады немесе сөздің формасын өзгертіп айтады (мысалы: кітап – кітаптар).

«Көршілер»
Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.
Кажетті құрал: Дабыл.
Ойынның шарты: Бала оң жағында кіммен көрші отырғанын, айтады. Бала көршілерін атап болған соң, тәрбиеші дабылды қағады. Сол кезде балалар бөлмеде еркін ойнайды. Дабылды қайта қаққанда өздерінің көршілерімен отыра қалулары керек. Кімде-кім қателессе, сол жеңілген болып есептеледі.

«Суретші қай жерде қателесті?»
Міндеті: балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.
Кажетті құрал: суреттер
Ойынның барысы: тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғаны айтылады. Балалардан оның бәрінің дұрыс салынғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын құбылыстарды тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады. Оыслайша ойын жылдың төрт мезгіліне ойналады. Дұрыс тапқан бала жұлдызшамен марапатталады.

«Зейінді бол»
Міндеті: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты,
төртбұрышты, шеңберді көрсете білуге дамыту.
Ойын шарты: ойынға топтағы барлық оқушылар қатыса алады
Ойын барысы: тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы суретті нұсқап, балаларға сұрақ қояды. Суреттен қандай таныс пішіндерді көріп тұрсыңдар? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.

«Ойлан, тап»
Міндеті: Тез ойлана білуге жаттықтыру.
I. **Ойынның шарты:** Мына дөңгелек бойындагы әріптерден "не?" деген сұраққа жауап беретін сөздер құраңдар. Әріптерді сағат тілі бағытынан ауытқымай, қатарыменде, теріп те пайдалануға болады.
II. **Ойынның шарты:** Балаларды екі командаға бөліп, сөздің бірінші буынын тәрбиеші өзі айтып, балаларға екінші буынын тапқызу аркылы сөзді толық айтады. Бұл ойыншда топты екі командаға бөледі де, тәрбиеші өз үстеліне көріп тұратындай етіп бірнеше ойыншық қойып, олардың атының алғашқы буындарын айта бастайды. Мысалы: ал - /ма/, ша - /на/, сә -/біз/ және т.б. Ал баладар тәрбишіге ілесе отырып, жакшада көрсетілген екінші буындарды тез тауып айтады.
Ойын соңында жеңімпаз командаға түсті жалауша беріледі. Жеңілген команданың жетістіктерін де айтып, мадақтап отырған жөн.

«Екінші қолымда қанша?»

Міндеті: балалардың ойлау қабілетін, байқампаздығын дамыту, «оң жақ», «сол жақ» деген ұғымдарды бекіту.
Ойын шарты: балалар сұраққа толық ойланып жауап беру керек.
Ойынның барысы: Бір оқушы тақтаға шығып:
Екі қолымда барлығы 5 түйме бар, сол жақ қолымда 3 түйме, - деп қолын ашып, балаларға көрсетеді, - ал оң жақ қолымда қанша түйме бар? - дейді.
Мұғалім кішкене қапшыққа бірнеше ойыншық салып, бір баланы тақтаға шығарады, бала көзін жұмып тұрып, қапшықтың
ішінен бір ойыншықты алып, оның неден жасалғанын, қандай затекенін айтып беруі керек. Егер айта алмаса, орнына отырғызып, басқа бір баланы шақырады.

«Құсқа үйшік тап» (серуен кезінде)
Барысы: Сурет бойынша әр құсқа сай келетін үйшікті табу керек.
«Кімге не дәмді?»
Барысы: Суретке қарап әр құстың жейтін тамағын тауып көрсету (мысалы: шағала – балық, үйрек – балдыр, торғай – жем).

Саусақ жаттығулар

«Сәлем»
Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)
Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)
Сәлемет пе, (екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)
Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді)
Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды)
Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)
Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды)
Самал жел желпіген» (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстай оңға, солға кезектестіре шайқайды)
Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)
Кішкентай түбіртек!
Сәлем, таң жаңа атқан!
Сәлем, күн арайлы!

Сәлемге еріну!
Бізде әсте болмайдыҚане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)
Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ үштарын бір мезгілде соғады)
Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)
Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)
Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)
Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)
Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)
Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)
Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды)

«Қаз»
Қаз тоқтамай қанқылдайды
Жақындасан шымшылдайды (білек тік, алақан түзу. Сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі. Барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады)

Музыкалық ойындар:

«Көлеңке»
Көлбең көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Қане қатар тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық
Тәрбиеші осы өленді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кіші баладан қатар – қатар тұрғызады.(кішісі көлеңке). Барлығы шеңбер жасайды.
Көлбең – Көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Бүркіт қалай бүреді?
Кім көрсете біледі?
Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды.
Көлбең – көлбең көлеңкем,

Көлбеңдеген көлеңкем!
Қасқыр қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
(Қасқырдың жүрісін бейнелейді)
Көлбең – көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Аю қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
(Балалар көлеңкелеріне аюдың жүрісін көрсетеді)
Осы аңдардың, құстардың орнына басқа да құс аңдарды қойып, ойынды жалғастыра беруге болады.

«Үлкен – кішкентай»
Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.
Ойынның барысы: Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.
Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ.
Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.

«До – ре – ми»
Міндеті: Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.

«Қояндар»
Міндеті: Музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп (қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыка жетекшісі балалардан, сурет бойынша қояндардың нестеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды.

Бауырсақ кіммен кездесті?
Міндеті: Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян).
Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы

регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді.

«Музыкалық әткеншек»
Міндеті: Балаларға музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.
Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады?
(жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)

«Ақырын қатты»
Міндеті: Тембрлік есту қабілеттерін дамыту.
Ойын барыс: Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі.
Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа.
Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды.
Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады.

«Менің балапандарым қайда»
Міндеті: Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған.
Ойын барысы: Балалар музыкалық жетекшіге қарама – қарсы жартылай шеңбер жасап отырады, әрқайсының қолында бір – біреуден кішкентай карточка бар.
Музыкалық жетекші ойнауды ұсынады да әңгімесін бастайды: Бір аулада балапандарымен тауық, үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды. Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (суретті көрсетеді): «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайды? Кря, кря!» (бірінші октаваның рес дыбысы бойынша ән салады).
Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді: «Кря – кря, біз мұндамыз» (екінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады).
Музыкалық жетекші былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады (карточкаларды жинап алады). Барлық құстар өз балаларын тауып алғанша ойын жалғасады.

«Күн мен бұлт»
Міндеті: Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз).
Ойын барысы: Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті

Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады.
Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.

«Үйде не істеп жатыр?»
Міндеті: Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі әуенді тыңдатқызып, балалардың үйде не істеп жатқандарын айтып берулерін сурайды. Музыка жетекшісі фортепианода М. Гликаның полькасын, Д. Шостаковичтің маршын және Ш. Қалдаяқовтың «Балдырғандар» әнін ойнап береді. Балалар музыканы тыңдай отырып, балалардың үйде не істеп жатқандарын ұғады. (ән айтып жатыр, билеп жатыр, сап тізіліп жүр).

«Теңіз»
Міндеті: Балалардың музыкалық есту, тыңдау, көру қабілеттерін дамыту.
Ойын барысы: Балаларға үнтаспадан теңіздің дыбы қосылған әуенді естірту. Әуенді тыңдап болғасын, балалар әуеннің мінез құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. Музыка жетекшісі композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әр – түрлі көңіл күйіне балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын, бірде қатты, бірде жәй естіледі.. Содан соң музыка жетекшісі балалды картинкада көрсетілген теңіздің әр түрлі толқынымен таныстырады. Музыка жетекшісі балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әр – түрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

Тәжірибе:

38.Соломинка рапира
Рапир – сабан талы
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: шикі картоп және 2 жұқа коктейлге арналған сабан тал.
Картопты үстел үстіне қоямыз. Сабан талды қолымен қатты қысып жылдам қимылмен оны картопқа тығуға тырысамыз. Сабан тал майысады бірақ картопты теспейді. Екінші сабанталды аламыз. Оның үстіңгі тесігін бас бармақпен жабамыз. Сабан талдың жылдам жібереміз, сонда ол картопқа кіріп оны теседі.
Сабан талдың үстіңгі жағын бармақпен жапқанда оның ішінде ауа қалады міне ол сондықтан серпімді болғандықтан ол майыспайды сондықтан ол картопқа жеңіл кіріп кетеді.

39.Тордағы құс
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: тығыз картон қағазы, циркуль, қайшы, түрлі-түсті қарандаштар немесе фломастер, қалың жіптер, ине және сызғыш.
1.Картоннан кез келген диаметрі дөңгелек қиямыз. Инемен осы дөңгелекте екі тесік тесеміз. Тесік арқылы әр тесіктен инемен ұзындығы 50см

болатындай жіп өткіземіз. Дөңгелектің бет жағына құсқа арналған торды саламыз, ал артынғы жағына құстын суретін саламыз. Жіптің шетінен ұстап картон қағазды айналдырамыз. Жіптер айналады. Енді жіптің әр шетін әр жаққа тартамыз. Жіптер айналады және дөңгелек кері жаққа айналады. Сол кезде құс торда отырған сияқты болып көрінеді. Дөңгелектің айналғаны көрінбей, ал құстың тордың ішінде отырған сияқты — анимация әсерін туғызады.

40.Төртбұрыш қалай дөңгелекке айналады?

Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: тік бұрыш картон, қарандаш, фломастер және сызғыш.

Сызғышты картонға қоямыз сонда оның бұрышы картонның бір бұрышына тиіп тұрады, ал басқа жағы теріс жағымен ортасында тұрады. Картонға фломастермен ара қашықтығы 0,5мм 25-30 нүкте қоямыз. Үшкір қарандашпен картонның ортасын тесеміз (ортасын диагональді сызықтардың қиылысуы болады). Қарандашты үстелге тігінен тақап қолымен ұстап тұрыңыз. Картон қағаз қарандаштың үшкір ұшында бос айналып тұру керек. Картонды айналдырамыз.

Айналатын картонда дөңгелек пайда болады. Бұл тек көзбен шолу әсері. Картонның әр бір нүктесі дөңгелегінде айналғанда үзілмейтін желіні туғызады. Үшкір нүкте ақырын қозғалады міне осының ізін біз дөңгелек деп қабылдаймыз.

41.Қатты газет

Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: ұзын сызғыш және газеттер.

Үстелге сызғышты қоямыз бірақ жарты сызғыш үстелден шығып тұруы керек. Газетті бірнеше рет орап оны сызғышқа қоямыз үстелден шығып тұрған сызғышпен қатты соғамыз. Газеттер үстелден ұшып кетеді. Ал енді газетті ашып сызғыштың үстіне жауып сызғышты соғамыз. Газет кішкене көтеріледі бірақ ешқайда ұшпайды.

Мұнда не сиқыр бар? Барлық заттар ауа қысымын сынайды. Заттың көлемі үлкен болған сайын оның қысымы да ауыр болады. Газеттің енді неге сондай қатты болғаны анық болды.

43.Рекордтық салмақ

Тәжірибе өткізу үшін сізге керек. Кофенің немесе консервінің қаңылтыр 2 бәнкесі, қағаз бет, шыны бәнке.

Екі қаңылтыр бәнкені бір-бірінен 30см ара қашықтықта қоямыз. Үстіне қағаз бетін қоямыз сонда бізде «көпір» пайда болады. Қағазға бос шыны бәнкені қоямыз. Қағаз шыны бәнкені көтере алмай астына қарай майысады. Енді қағазды «гармошка» жасаймыз. Осы «гармошканы» екі қаңылтыл бәнкенің үстіне көпір жасап қоямыз. Енді осы гармошканын үстіне шыны бәнкені қоямыз біздін гармошка көпіріміз енді майыспайды.

44.Тірі көлеңке

Тәжірибе үшін дайынданыз:

— айна, май шам (лампа), қағаз, қайшы.

Егер сіз жарық көзі мен қабырға ортасына тұрсаңыз онда қабырғада сіздің көлеңкеңіз пайда болады – қара мүсін, көзі жоқ, мұрны жоқ, аузы жоқ. Көлеңкеде үлкен көздер және мұрын, ашылып жабылатын ауыз жасауға болады. Бұл үшін бөлменің бұрышты қабырғасында тұрып бірақ онда айна ілініп тұруы қажет. Лампыны немесе май шамды айнадан қабырғадан түсетін «елесті» көру үшін қойып, бұл бізде экран болады, мұнда сіздің

басыныздың елесі түседі, бұл жерде айнаның мүсінінен тік мұрын немесе овал пайда болады.
Бірақ айнаны қағаз бетімен жабуға болады сол бетте көз және мұрынды және ауызды тесу керек,осы кезде олар ақшыл көлеңкелі нүктелер болып суреттеледі.
Егер де екі бет әр түрлі кесіндері бар айнаға орнатсан онда біреуі бірнешесін салып ал екіншісін үстіңгі қабатына қойып отырсан онда көлеңке қозғалып аузы ашылады жабылады. Бұл өте жеңіл әрі
көңілді сиқыр болып табылады.

47.Тірі балық
Қатты қағаздан балықтың суретін қиып алыңыз. Балықтың ең ортасында тесік болсын А, жұқа арнамен құйрығы жалғанған жері АБ болсын.
АБ ыдысқа су құйыңыз, балықты суға салыңыз бірақ балықтың төменгі жағы суға түсіп тұрсын, ал жоғарғы бас жағы судан шығып тұрсын. Бұны шанышқымен жасаған ыңғайлы; балықты шанышқыға қойыңыз, кішкене түсіріңіз, ал шанышқының бас жағын суға тереңірек батырып алып шығыңыз.
Енді А жағына үлкен көлемде май тамызыңыз. Ең жақсысы бұл үшін велосипедқа арналған немесе іс тігетін машинкаға арналған майды қолдану керек. Судың бетіне ағатын май, АБ арнасымен ағып кетеді. Оған жан-жаққа ағып кетуге балық жол бермейді. Сіз қалай ойлайсыз май кері қарай аққан кезде балық не істейді? Түсінікті: Ол алдыға қарай жүзіп кетеді!

48.Сломанный карандаш
Сынған қарандаш
Деректеме:
-стақан, су, қарандаш.
Стақанды 2/3 бөлікке дейін сумен толтыр. Үстелге стақан сумен және қарандашты қой. Ғылыми сиқырды бастаймыз: Өз алдымызда стақанды ұстап тұрамыз. Көрермендерге хабарла: «Қазір мен қарандашты стақандағы суға салғанда сындырамын» деп. Қарандашты суға тігінен түсір, бірақ қарандаштың ұшы стақан мен судың ортасында болсын.
Қарандашты көрермендерден стақанның арты жағында ұстаңыз. Қарандашты тігінен ұстап оны суда анда-мында жүргізіңіз. Көрермендерден не көргенін сұраңыз. Судан қарандашты алып шық.
Нәтижесі:
Көрермендерге қарандаш сынған сияқты көрінеді. Олардың көзқарасы бойынша судың астындағы қарандаш кішкене судың астындағы қарандаштың бөлігіне жылжытырылған.
Қарандаштан түскен жарық ауа арқылы өтіп ол бір жерде болатын сияқты ал су арқылы басқа жерде болып көрінеді.

50.Вулкан
Картон қағаздан басы тесілген конус жасаймыз, сосын оған сабынды көпіршіктің бос бәнкесін қоямыз (бұл вулканның ішкі көлемі), тау сияқты сыртын пластилинмен жабыстырыңыз. Жаман бір жағдай болдырмау үшін конструкцияны тәрелкеге орнатамыз.

Вулканның ішкі жағын келесі «салындымен» толтырыңыз: сода, су, қызыл бояу (аямаңыз) және ыдыс жуатын көпірткішті. Араластырыңыз, содан бала одан кішкене бөтелкеден сіркесу құйсын (балалар мұны ұқыпты істейді, тексерілген – біздің округтегі балалар мұны істеп көрген, себебі біздің вулканға үлкен қызығушылық болады) және бұл көрініс ті рақаттанып көріңіз.

51.Водоворот
Иірім
Екі пластмас бөтелке алыңыз (0,5литр үлкенірек алуға болады бірақ ол ауырлау болады). Бір бөтелкені сумен толтырыңыз, енді үстінен бос бөтелкені аузымен ауызын қойыңыз. Қосылған екі ауызды скотчпен жабыстырыңыз. Құмды сағатқа ұқсас конструкция пайда болады. Енді жылдамырақ мұны төңкеріңіз (ауыз жағын ұстап тұрған жақсы болады) және айналдырыңыз (стақанды қасықсыз араластырған сияқты). Көп айналдырудың керегі жоқ тек бір-екі рет дөңгелетсеңіз болады. Сонда сіз нағыз – иірілім көресіз.

Ұлттық ойындар:

«Бес асық»
І кезең: "Бірлік" (Жинау)
Бала бес асықты жерге шашады. Ішіндегі біреуін "хан" (бас асық) ретінде қолына алады.
1. "Ханды" жоғары лақтырады.
2. Ол асық қайтып түскенше, жердегі бір асықты алып үлгеруі керек.
3. Осылайша 4 асықты бір-бірлеп жинайды.

ІІ кезең: "Қос-қостан"
Бұл кезеңде бала асықтарды екі-екіден жинап үйренеді.
- Жоғары лақтырылған асық жерге түскенше, жерден екі асықты бірге іліп алуы тиіс.

ІІІ кезең: "Сарт-сұрт" (Асық соғыстыру)
Бұл баланың ептілігін арттырады:
- Қолындағы асықты жоғары лақтырып, ол қайтып түскенше жердегі асықты қолына алып, лақтырылған асықты қайта қағып алады. Осы кезде асықтар бір-біріне соғылып, "сарт" еткен дыбыс шығуы керек.

3. Ойын ережесі (Неге болмайды?)
5-6 жастағы балаларға мынадай қарапайым шектеулер қойылады:
- **"Сыңар" болмасын:** Жердегі асықты алғанда, қасындағы басқа асықтарға қол тиіп кетпеуі керек.
- **Түсіріп алма:** Лақтырылған асықты жерге түсіріп алса, кезек келесі балаға беріледі.
- **Қолды алма:** Асықты алып жатқанда қолды жерден ерте көтеріп кетпеу керек.

«Бестемше» ойыны
Міндеті: Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға үйрету.

Ойын құралдары: Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).
Ойын ережесі мен барысы:

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.
    - *Маңызды ереже:* Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).
3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.
5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

«Аударыспақ» (балаларға арналған нұсқасы)
Міндеті: Балалардың күш-қуатын, төзімділігін және тепе-теңдік сақтау қабілетін арттыру.
Барысы: Екі бала ортаға шығады (балабақшада бұл ойын көбіне жерде отырып немесе «ат» болып ойнаған құрдастарының үстінде отырып ойналады). Олар бір-бірінің қолынан ұстап, тартысу арқылы қарсыласын орнынан қозғалтуы немесе белгіленген шеңберден шығаруы керек. Тек қолмен тартуға рұқсат етіледі, итеруге болмайды.

«Асық ойыны» (Ханталапай)
Ережесі: Ортаға көп асық шашылады. Асықтардың ішіндегі ерекше боялған «Хан» асығын табу керек.
Барысы: Тәрбиеші «Ханталапай!» деп айтқанда, балалар ортадағы асықтарды тез жинап алуы тиіс. Кімнің қолына «Хан» асығы түссе, сол жеңімпаз атанады. Сондай-ақ, асықты бүге, шіге, тәйке, алшы деп атап, дұрыс қоюды үйренеді.

Теңге алу»
Міндеті:Ептілік пен жылдамдықты дамыту.
Ережесі: Жерге бірнеше жерден «теңгелер» (тастар немесе қағаздар) қойылады. Ойыншы «атпен» (таяқпен немесе жүгіріп) шауып келе жатып, еңкейіп жердегі теңгені тоқтамай іліп алуы керек. Кім көп теңге жинаса, сол жеңімпаз атанады.

«Айгөлек

Ойын ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бір топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек...» деп бастап, қарсы топтан бір баланы шақырады. Шақырылған бала жүгіріп келіп, қарсы тұрған топтың қол ұстасып тұрған шебін бұзып өтуі керек. Егер бұзып өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, өте алмаса — өзі сол топта қалады

Әткеншек
Ойын ережесі: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен үстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:
Әрең-әрең әлдиледі,
Әткеншегім ән-билерін.
Тербеткенде ойнадым ғой,
Жүгіруді қоймадым ғой.
Балалар текстке сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.
Балалар шеңбердің бойымен екі рет жүгіріп шыққаннан кейін, тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылыңдар», - дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.
Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:

«Бәйге»
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.
Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
Ережесі:
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.

«Соқыр теке»
Міндеті:Ептілікке, сезімталдыққа тәрбиелеу, кеңістікті бағдарлауды дамыту.
Барысы: Ортаға бір бала шығады, оның көзін орамалмен байлап қояды. Қалған балалар айнала жүріп, «соқыр текені» түрткілеп немесе дыбыс шығарып мазалайды. «Соқыр теке» дыбыс шыққан жаққа бағытталып, қашып жүрген балалардың бірін ұстап алуы керек. Кім ұсталса, сол келесі «соқыр теке» болады.

«Жүзік жасырмақ»
Міндеті: Балалардың байқағыштығын, тапқырлығын және зейінін дамыту.

Барысы: Балалар жарты шеңбер құрып, алақандарын біріктіріп отырады. Бастаушы жүзікті (немесе кішкентай затты) алақанына салып, әр баланың алақанына салған болып шығады. Бір балаға сездірмей тастап кетеді де: «Жүзігімді тап!» – дейді. Іздеуші бала жүзіктің кімде екенін табуы керек. Тапса, жүзік иесімен орын ауыстырады.

«Тақия тастамақ»
Ойын ережесі:
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады

«Сақина тастау»
Міндеті: Шапшаңдыққа, байқампаздыққа баулу.
Ережесі: Ойыншылар шеңбер құрып отырады немесе тұрады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Бастаушы сақинаны (немесе тиынды) алақанына жасырып, әр ойыншының қолының арасынан жүріп өтеді. Ол білдіртпей бір ойыншының қолына сақинаны тастап кетеді. Содан соң: «Сақинам, сақинам, шық!» — дейді. Сақинасы бар бала тез жүгіріп шығуы керек, ал қасындағылар оны ұстап қалуға тырысады.

«Ақ терек, көк терек»
Міндеті: Күш-жігерді, ұйымшылдықты арттыру.
Ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бірінші топ: «Ақ терек, көк терек, бізден сізге кім керек?» — деп сұрайды. Екінші топ бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп, қарсы топтың біріктірілген қолдарын үзіп өтуі керек. Егер үзсе, бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

«Тоғызқұмалақ»
Міндеті: Логикалық ойлауды, есептеуді үйрету.
Ережесі: Бұл — зияткерлік ойын. Арнайы тақтада 18 отау және 2 қазан болады. Әр отауға 9 құмалақтан салынады. Ойыншылар кезекпен құмалақтарды таратады. Мақсат — қарсыластың отауынан құмалақтарды жинап, өз қазанына көбірек (82-ден астам) жинау.
«Бәйге»
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.
Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
Ережесі:
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.
Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.
Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

«Жылқылар»

Балалар екеу-екеу болып жұпталып тұрады: біреуі - ат, екіншісі -айдаушы (арбакеш). Ойын үшін жүген беріледі немесе балалар бірінің-бірі белбеуінен ұстайды.

Атқа мініп желейік,
Атаға сәлем берейік.
Шалқанды жерден өтейік,
Жаңғақ теріп келейік.
Екі-екіден алайық,
Әдемісін қарайық,
Тәттісін іздеп табайық.

Текст аяқталса да балалар сол ырғақпен тәрбиешінің «әуп, әуп...» деген ызыңымен бұрынғы қалпында жүгіре береді немесе тәрбиеші: «тыр-р...»
дегенше, балалар таңдайын қағып ойнай береді. Ойын қайталанған кезде, балалар рольдерімен алмасады. Балалар ойынды әбден игерген кезде, тәрбиеші балаларға жүгіріп жүргенде тізелерін жоғарырақ көтеруді ұсынады. Ойынды бір жұптан бастау керек те, бірте-бірте 3-4 жұпқа дейін жеткізген дұрыс.